

Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 21 желтоқсандағы №177 "2018-2020 жылдарға арналған Көктау ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 205 шешімі. Ақтөбе облысы Хромтау аудандық Әділет басқармасында 2018 жылдың 10 сәуірде № 3-12-167 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодексінің 109-1 бабына сәйкес, Хромтау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 177 "2018-2020 жылдарға арналған Көктау ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5804 тіркелген, 2018 жылғы 18 қаңтарда аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер - "47 444" сандары "48 394" сандарымен ауыстырылсын;

оның ішінде:

трансферттердің түсімдері - "42 307" сандары "43 257" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар - "47 444" сандары "48 394" сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімдегі 1 қосымша осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Хромтау аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Хромтау аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Хромтау аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Хромтау аудандық мәслихатының сессия төрайымы хатшысы

Е. Юшкевич
Хромтау аудандық мәслихатының
Д. Молдашев

Аудандық мәслихаттың
2018 жылғы 2 сәуірдегі
№ 205 шешіміне қосымша
Аудандық мәслихаттың
2017 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 177 шешіміне № 1 қосымша

2018 жылға арналған Көктау ауылдық округ бюджеті

санаты			сомасы (мың теңге)
	сыныбы		
	ішкі сыныбы		
	атауы		
		1. Кірістер	48 394
1		Салықтық түсімдер	5 137
	01	Табыс салығы	771
		2 Жеке табыс салығы	771
	03	Әлеуметтік салық	0
		1 Әлеуметтік салық	0
	04	Меншікке салынатын салықтар	4 030
		1 Мүлікке салынатын салықтар	80
		3 Жер салығы	250
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	3 700
		5 Бірыңғай жер салығы	0
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	0
		2 Акциздер	0
		3 Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	0
		4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	0
		5 Ойын бизнесіне салық	0
	08	Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	0
		1 Мемлекеттік баж	0
2		Салықтық емес түсімдер	0
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	0
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	0
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	0
		Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (	
	1		0

		шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	0
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4		Трансферттердің түсімдері	43 257
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	43 257
	1	Ағымдағы нысаналы трансферттер	950
	2	Нысаналы даму трансферттері	0
	3	Субвенциялар	42 307

функционалдық топ					сомасы (мың теңге)
кіші функция					
бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
бағдарлама					
			атауы		
			II. Шығындар		48 394
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер		17 391
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар		17 391
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты		17 391
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17 191
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	200
04			Білім беру		22 160
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту		22 160
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты		22 160
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	22 160
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру		485
	2		Әлеуметтік көмек		485
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты		485
			003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	485
07			Тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық		5 940
	3		Елді-мекендерді көркейту		5 940
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты		5 940
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 500
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1 000
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 437
12			Көлік және коммуникация		2 003
	1		Автомобиль көлігі		2 003
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты		2 003

		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2 003
13			Басқалар	2 418
	9		Басқалар	2 418
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 418
		040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	2 418
15			Трансферттер	0
	1		Трансферттер	0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0
			V. Бюджет тапшылығы (дефицит)	0
			VI. Бюджет тапшылығын (профицитті пайдалану) қаржыландыру	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК